

Болғанбаева Г.А.
Міржақып Дулатовтың саяси-құқықтық және азаматтық көзқарастары

Бұл мақалада Алаш қозғалысының аса көрнекті идеолог қайраткері, ағартушы-ғалым, жазушы және публицист Міржақып Дулатовтың ұлт мүддесін көздеген құқықтық-саяси ұстанымы, азаматтық көзқарасы қарастырылады. Оның ұлт-азаттық күрес идеологиясын қалыптастырудағы күрескерлік тұлғасы, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің теориялық, саяси-құқықтық негізін қалаған қайраткерлігі ашылып көрсетіледі. Сондай-ақ, дәстүрлі қазақ қоғамындағы ел бірлігін сақтап, жер, мал-мүлік, жесір, құн дауларын шешкен билердің мәртебесі туралы айтқан ойлары талданады. Кеңес өкіметінің жаңадан қалыптасып келе жатқан сот жүйесінде гуманизмнің, әділдіктің басты орын алуына мүдделілік танытқандығы көрсетіледі.

Мақалада М. Дулатовтың бүкіл саналы ғұмыры туған халқын өркениет биігіне көтеріп, тәуелсіз демократиялық мемлекет құру мақсатында жалынды күреспен өткендігіне мән беріледі.

Түйін сөздер: ағартушы, саясат, депутат, земство, партия, ұлттық идея, идеолог, петиция, сайлау, құқықтық сана, құқықтық мәдениет, құрылтай жиналысы.

Bolganbaeva G.A.
M. Dulatov's politiko-legal and civil sights

In article the basic stages of political activity of M. Dulatov are considered. Values, a place and a role of politiko-legal sights of the visible public figure and the publicist in the history of the Kazakh legal thought are defined. The estimation of activity of M. Dulatov as leader of Alash national-liberation movement and founder of the party «Alash» is given. Also analyzed M. Dulatov's judgements regarding disputes about land, widows and orphans, of criminal punishments, in which realized its interpretation of the principles of justice, humanity

M. Dulatov's ideas about integrity and unity of the Kazakh people, about social justice observance in new formed legal proceedings of the Soviet power are characterised.

In work it is noticed that M. Dulatov's all life was is devoted struggle for the sake of the blessing of the Kazakh people, for independence and formation of the Kazakh democratic state.

Key words: the educator, a policy, the deputy, zemstvo, the party, democracy, national idea, the ideology, legal, culture, legal consciousness, reprimands.

Болғанбаева Г.А.
Политико-правовые и гражданские взгляды Мыржакыпа Дулатова

В статье рассматриваются основные этапы общественно-политической деятельности М. Дулатова. Определены значение, место и роль политико-правовых взглядов видного общественного деятеля и публициста в истории казахской правовой мысли. Дана оценка деятельности М. Дулатова как лидера алашского национально-освободительного движения и основателя партии «Алаш». Так же проанализированы судебные решения М. Дулатова относительно споров о земле, вдовах и сиротах, об уголовных наказаниях, в которых реализована его интерпретация принципов справедливости гуманизма. Охарактеризованы идеи М. Дулатова о целостности и единстве казахского народа, о соблюдении социальной справедливости в новом формирующемся судопроизводстве Советской власти.

В работе отмечено, что вся жизнь М. Дулатова была посвящена борьбе во имя блага казахского народа, за независимость и становление казахского демократического государства.

Ключевые слова: просветитель, политика, депутат, земство, партия, национальная идея, идеолог, выборы, правовая культура, правовое сознание.

**МІРЖАҚЫП
ДУЛАТОВТЫҢ
САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ
КӨЗҚАРАСТАРЫ**

Қазақстан Республикасының халықаралық қауымдастық мойындаған ұлттық зайырлы және құқықтық мемлекет дәрежесінде қалыптасуы қазақ халқының ғасырлар бойында ұлттық мемлекеттілікке бағытталған күрес нәтижесінде жүзеге асты.

Тоталитарлық жүйе тұсында қазақ елінің тәуелсіздігі жолында күрескен, ұлтымыздың бірегей, марқасқа тұлғалары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Ақбаев, Б. Қаратаев, Б. Сыртанов, М. Тынышбаев, М. Шоқай, Н. Төрешұлов сынды зиялылар «буржуазияшыл-ұлтшылдар», «халық жауы» деген жаламен қуғын-сүргін құрбандарына айналды.

Бүгінгі күні тәуелсіз мемлекетіміз жүргізіп отырған саясаттың жетістігі, ұзақ уақыт бойы кеңестік идеологиялық қысымның нәтижесінде халықтың жадынан шығарылған, ұлтымыздың рухани-мәдени қазыналарына, оның ішінде дәстүрлі құқықтық мұралары да ерекше нысанаға алынып зерттелуде.

Елімізде жүргізіліп жатқан құқықтық реформалардың түпкі мақсаты Қазақстанда өзіндік болмысы бар ұлттық құқықтық жүйені қалыптастыру болып табылады.

Президент Н.Ә. Назарбаев өзінің баяндамалары мен әр жылғы дәстүрлі халыққа Жолдауларында мемлекеттің болашағы мен өркендеп дамуы үшін тарихи сабақтастық тағылымының зор екендігіне мән береді. 2006 жылы 1 наурызда «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» атты Жолдауында: «Біз елімізде Қазақстанның саяси жүйесі мен мемлекеттің құрылымының тиімділігін арттыруға бағытталған ауқымды саяси реформаларды жалғастыра беретін боламыз. Демократиялық және өркендеген мемлекеттер орнатудың ортақ заңдылықтарын, сондай-ақ біздің қоғамның маңызды мәдени-тарихи белгілері мен дәстүрлерін үйлесімді ескеруіміз қажет» [1], – деп атап өтуі қазіргі тәуелсіз мемлекетіміздің тұғырын нығайтуда, өткен тарихымыздың саяси-құқықтық мұраларынан тағылым алып, бүгінгі күн мен болашақтың мүддесіне пайдалануымызды меңзейді.

XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларын ойландырған мәселелер, ұлттың бірлігін, мемлекеттің тұтастығын сақтау, қазақ халқын өркениетті елдердің қатарына қосу, ол үшін қазақ елін «қалың ұйқыдан» оятып, оқу, өнер-білім, іскерлік жолына

салу, ең бастысы дербес мемлекеттілігіне қол жеткізу болды. Ұлт зиялыларының идеялары азаматтықтың биік үлгісі ретінде, Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясымен ұштасып қазақ елінің тарихи жадында қайта жаңғыру үстінде.

Ұлт-азаттық күрес идеологиясын қалыптастыруда өзінің азаматтық принциптерімен ерекшеленген М. Дулатов еді. Ол Торғайдағы екі класстық орыс-қазақ училищесін, Қостанайдағы бір жылдық мұғалімдік курсты бітіріп, ел ішінде мұғалімдік қызмет атқарған он тоғыз жастағы М. Дулатовты бір жағынан патша өкіметінің отарлау саясатының қыспағын, екінші жағынан, жергілікті би болыстардың жәбірі мен ауыртпалығын көрген халқының ауыр тағдыры ойға қалдырды.

Патшалық империяның отаршылдық саясаты дала өлкесінің бар саласында үстемдік алып, «басынан ерік», «қолынан билік» кетіп, жерінен күштеп айырылған туған халқының тұрмысына байланысты, саяси-әлеуметтік мәселелерден көкірегі ояу қайраткердің оқшауланып қала алмауы, әрине, заңды құбылыс. Оның кейінгі өмірінде кеңінен өріс алған белсенді әлеуметтік, саяси ағартушылық қызмет осы кезде-ақ басталады. Халықты отаршылдық саясаттың қыспағынан шығаратын жол – оны мәдениетті елдердің қатарына қосып, өнер-білімге ұмтылу деп білген М. Дулатов ел арасында насихат жұмысын өрістетіп, халқын өнер-білімге үндеді.

Өзін саяси күреске итермелеген істер туралы, қайраткер өз пікірін былай білдіреді: «... Ол жылдардағы қазақ халқының қараңғылығы мен надандығын айтып жеткізу қиын. Қазақ бұқарасы губернаторлар мен уезд бастықтарын айтпағанда ең төменгі урядниктің алдында діріл қағып, адам төзгісіз қорлыққа шыдады, оның бұл халге жетуіне өз арасынан шыққан надан тілмаш-чиновниктер, болыс басқарушылар және басқалары өз үлестерін қосты; ауыр салмақ, зорлық, парақорлық, өсек тасу үйреншікті көрініске айналды, құнарлы шұрайлы жерлер ешқандай да есепсіз қоныс аударушыларға алынып берілді, ал қазақтар болса шөлге ығыстырылды. Алымсалық ауыртпалығы кедей-кепшікке түсті, оны төлеуде жүздеген бас айдаған бай мен 5 бас малы бар кедей теңгерілді.

Қазақ елі, міне осындай түнекте ғұмыр кешті. Осының бәрін көре тұрып өзімнің азын-аулақ біліміме қарамастан, қолымдағы барыммен арнамысы аяқ асты болған сорлы халқыма көмектесуді өз борышым санадым» [2]. М. Дулатовтың қоғамдық іске араласуы 1905 жылдан бастау

алады. 1909 жылы Уфа қаласындағы «Шарк» баспасынан жарыққа шыққан әйгілі «Оян, қазақ!» шығармасынан кейін, М. Дулатовтың әрбір туындысы жалпыұлттық сипат алып, оның тұлғасы қазақтың көп ақынының бірінен ұлттық қоғам қайраткері биігіне көтеріле бастайды.

Патшалық билікті құлатқан Ақпан төңкерісінен кейінгі зор өзгерістерді басқа да ұлт зиялылары сияқты М. Дулатов та үлкен құлшыныспен қарсы алды. Дәл осы тұста да заман өзгерісін, соған сай жаңа мақсаттарды халыққа жеткізу міндетін мойнына алған «Қазақ» газеті еді.

Бұл кезеңдегі М. Дулатовтың қызметі Қазақ комитеттерінің міндеті, оның қаулыларымен халықты таныстыру, құрылтай сайлауына даярлық жүргізу, елге земство ісін уақытша өкіметтің саясатын түсіндіру бағытында жүрді. Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі тұсында атқарған қызметі оның саяси көреген, табанды қайраткер, нақты іс-әрекеттің адамы екенін көрсетті. Ол «Алаш» партиясынан басқа ұйымға мүшелікке өткен емес. Айта кеткен жөн, кейінірек ұлт зиялылары Кеңес үкіметі жағына шыққанда, М. Дулатовтың коммунистік партияның қатарына өтпеуі, оның саяси сауаттылығының төмендігінен емес, керісінше көрегендігін, өз принциптеріне беріктігін көрсетеді. М. Дулатовтың есімі Құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидаттар тізіміне Торғай облысы бойынша Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсыновпен енген болатын. Бірақ ел ішінде үшеуі бір уезден, бір рудан шыққан, бірін-бірі тартып отыр деп негізсіз пікір тарайды. Мұны естіген М. Дулатов өзінің пікірін білдіріп «Қазақ» газетінде «Ашық хат» деген атпен мақаласын жариялайды. Онда ол: «Торғай облысының списігінде алдыңғы қатардағы үш кісі, үшеуі де арғын, үшеуі де бір уезден болған соң, Европа жолынан тайып шығып біз мүшеден құр қалдық деген қыңқыл болды. Соның үшін арғынды азайтуға хәм арғын кемісе, Торғай облысының списігі біреу болар деген мақсатпен шығамын. Мен төменгі себептермен списіктен шығамын хәм таласқа түспеймін. Ахмет хәм мен екеуіміз де депутат бола қалсақ, газет иесіз қалар... Бір кісі бір іске жарайтын болса да аз емес. Халыққа қызмет етемін деген кісіге бәрібір: депутат бол, газет шығар, бала оқыт. Өзгеміздің бәрі сай болып, жалғыз депутаттыққа қарап тұрған іс жоқ. Халқың надан болса, мың депутатың болсын, онан пайда тағы жоқ. Депутаттықты таңсық көріп, атағына қызығып, яғни бәсеке үшін баратын кісі болмасына керек. Екі қазақ таласып, бір орысқа жем болсаң,

онан тапқан пайдаға түбінде ие табылмай жүрмесін. Осыны әркім ескерсе екен» [3] деп М. Дулатов депутаттықтан өз еркімен бас тартады. Ол бұл мақаласында, халқының қанына сіңген рушылдық кертартпа әдеттің күні өткендігін, әлі де болса жұрттың бұл әдеттен арыла алмағандығын ашына айтып, ізгі мұратқа тек бірлік арқылы қол жеткізу мүмкіндігін айтады.

1918 жылдың көктемінде басталған Азамат соғысы ұлт зиялыларының саяси қызметтеріне мүлде жаңа сипат берді. М. Дулатов және оның саяси серіктері қазақ ұлтының дербестігіне қол жеткізуді көздеп, Кеңес үкіметіне қарсы күштер жағына шықты. Ұлт зиялылары уақыт талабына сай осындай шешімге келуге мәжбүр болды.

Ресей атты XX ғасырдың аса алып империясының Петербург, Мәскеу сынды орталықтарында жеңіске жеткен Қазан төңкерісі көп ұзамай барлық провинцияларға тарап, коммунистер билік басына келді. Бұл төңкеріс Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың және олардың серіктерінің құрған Алашорда автономиясын азамат соғысында қарудың қуатымен жоқ қылды. Билік басына қандай өкімет келмесін, халқына адал қызмет етуді мұрат тұтқан ұлт зиялылары жаңа жағдайға бейімделуге тиіс болды. Елдегі қалыптасқан саяси жағдай оларға басқа жол таңдау мүмкіндігін қалдырмады. М. Дулатов Кеңес үкіметін еркінен тыс амалсыз мойындауға мәжбүр болды.

1920 жылдың қыркүйек айында Омбыға келген М. Дулатов ондағы губерниялық атқару комитетіне барып тіркелді. Осы мезгілден бастап, М. Дулатов Кеңес өкіметі оған жүктеген қызметті өз дәрежесінде жауапты атқаруға күш салды.

М. Дулатов «Ақ жол» газетінде 1920 жылдың қараша айынан бастап, 1921 жылдың мамыр айына дейін қызмет атқарады. Қазақ өлкелік партия комитеті И. Сталиннің нұсқауымен партияда жоқ ұлт зиялыларына саяси және идеологиялық майдандағы күрес ісіне жіберуге тыйым салуына байланысты қайраткер «Ақ жол» газетіндегі қызметінен босатылды. Алайда, әлеуметтік-әділетсіздік пен жөнсіз қиянатты басынан өткерген, М. Дулатов бұл саяси қысымға мойынсұнған жоқ. Оның қызмет ауыстыруына тура келді.

1921 жылдың мамыр айында отбасы жағдайымен Семей қаласына келеді. 1921 жылы жаз айында Семей уезінде халық тергеушісі болып, осы жылдың күз айында Семей губерниялық Кеңес халық сотының орынбасары болып тағайындалады.

М. Дулатовтың осы қызметке орналасуын көрсететін 1921 жылы 8 желтоқсанда өткен Семей губерниялық халық сотының жалпы жиналысының көшірмесінен үзінді келтірейік: «Жолдас М. Дулатовты Кеңес халық сотының сот қызметкері қызметіне бүгінгі күннен бастап кірісуі туралы губерниялық халық сотының председателінің ұсынысы негізінде М. Дулатов жолдас бүгінгі күннен бастап Губерниялық Халық сотының орынбасары болып тағайындалды. Губерниядағы қырғыздардың (қазақтардың) ісі барлық бөлімін меңгеру және губерния соттары мен тергеушілерге нұсқаушы болып бекітілді [4]», – деп шешім шығарады.

Семей уезінде тергеуші болып қызмет істеген М. Дулатов жұмыс бабына қарай елге жиі шығады. Ел ішіндегі даулы мәселелердің көптігі соншалықты тергеушілердің дамыл көрмей істеуіне тура келген, өйткені әділет іздеп анталаған халық дем алуға мұрша бермеген. Бұл туралы М. Дулатов: «Осынша көптің жұмысы «закончип» бітіремін деген сот ауылда екі жыл жатса да бітетін емес. Ол кезде әлі қылмыс заңдары шықпаған, сот қызметкері істің ақ-қарасын «төңкерісшілдік арымен», социалистік сана жолымен ғана айыратын шақ еді – деп айтуы дәлел. М. Дулатовты қазақ әйелдерінің тағдыры, ауыр тұрмысы көп ойландыратын. Әйел теңдігі мәселесін көтеріп, қазақ қызының бас еркіндігі жоқ екенін бейнелеп «Бақытсыз Жамал» атты роман жазғаны да мәлім. Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнығуымен әйел теңдігіне заң түрінде қол жеткізгенмен, бұл іске сүйекке сіңген қазақлық әдет көп кедергі болған еді.

М. Дулатовқа өзінің бас еркіндігін әперуге көмектесуді сұраған қазақ қыздарының арызы жиі түскен. Бірақ іске келгенде қыздар ата-анасының ырқынан шыға алмай, арыздарын алып үнсіз кеткендері де болған. Өжеттілік танытып еркіндік алған қыздың тағдырын қазақ қыздарына үлгі етіп, ой тастау мақсатымен оның «Еңбекші қазақ» газетінде «Сол қыздың атын ұмыттым», – деп аталатын мақаласы жарияланды. Онда: «Төрт жыл ішінде сот істерінің дұрысталғанын, қазақ даласында кемшіліктер түзетілгенін айтып, бірақ әлі де көңілдегідей жүзеге асқан жоқ. Бұған себеп елдің сүйегіне сіңген ескі әдеттің әлі де күштілігі, «әйел тобының көзі ашылып жетпеуі, бостандық қадірін анық білмеуі, ел ішіндегі соттардың салақтығы-олақтығы, тағы-тағылар. Қара басының бостандығын көксеген әйел жігерлі болса, қазақ ішіндегі соттар қатаң, қызметін біліп істеп жолдан таймайтын болса, әдет-ғұрып қанша күшті болғанмен жоғалмасқа шара

жоқ [5]» – деп намысқа тиетін жігерлі сөздерімен ойын аяқтайды.

Сонымен М. Дулатов 1921-1922 жылдың мамыр айына дейін Кеңес халық сотында сот қызметкері қызметін атқарады. Жауапкершілігі ауыр сот қызметін қайраткер адал орындады. Баспасөз беттерінде өзі куә болған қылмысты істерді, дау-жанжалдарды талдап, жастардың жаман әдеттен аулақ жүруін үндеп мақалалар жазды. Атап көрсетсек, «Халық соты», «Сот қайтсе түзеледі?», «Сот осындай болсын», «Мемлекет салығынан кім артық пайдаланады», «Ұрлық қайткенде тыйылады?», «Сол қыздың атын ұмыттым...»

1921 жылы 9-шы ақпанда «Ақ жол» газетінде қайраткердің «Халық соты», – деген мақаласы жарияланды. М. Дулатов дәстүрлі қазақ қоғамындағы әділ шешім шығарған билердің рөлін, қазақ халқының өмірінің әрбір кезеңіндегі саяси билікке байланысты халық сотының болмысының қалай өзгергендігін саралап, тек әділ шешім шығаратын сот қана нағыз халық соты дәрежесіне көтерілетіндігін айта келе, «Сот халықтың жайын, салтын, рәсімін, тілін білмесе, сот емес, ол – сор», – деп ашық білдіреді.

Алаш ұранды қазақ-қырғыз бұрын орыс патшаларына бағынбай, заманасы тарылмай, Сарыарқаны ен жайлап, төрт түлік мал айдап, өз салтымен дәурен сүріп жүрген заманда, өз арасынан нелер данышпан, нелер шешен, нелер тапқыр, билер шыққан. Олардың айтқан билігі жерде қалған емес. Бұлай болудың бірнеше себептері болған. Мәселен:

1) ол кездегі билер ешкім сайлап қойған емес, жүйрік, жорға секілді жаратылысынан би болып туған желаяқтар;

2) табиғи билігінің үстіне, халықпен бірге өсіп, біте қайнасып, тұрмысына, әдет-ғұрпына жетік болғандар;

3) билікті кәсіп етпей, әділ би атануды мақсұт көргендер;

4) атақты билердің көбі зеректігінің үстіне жуан күшті рудан шыққандар.

Заман өзгеріп, қазақ халқы орыс патшаларына бағынғаннан кейін, сайлау шығып, бұрынғы кемегер билер бірте-бірте жоғалып, олардың

орнына аузын бұған өгіздей, тобан аяқ топыршылдар би болды. Бұлар халықтың ескі сарын жолынан адасып, ақшаға сатылып, биліктің қадірін кетірді. Бұл – надан билер. Ел ішінде дау-жанжал көбейді.

Қазақ-қырғыздың күні өзінің әлгідей жаман билеріне қарап қалған жоқ. Кісі өлімі, ұрлық-зорлық, барымта, атыс-шабыс секілді істердің көбі орыс сотына қарады. Орыс сотының қолданғаны, орыс патшаларының заңы болып, ол заңның он екіден бір нұсқасы халықтың тұрмысына тура келмеуші еді. Орыс судьялары да, халықтың тілінен, әдет-ғұрпынан емге білері жоқ, көбінесе алдындағы шалағай, жемқор тілмаштардың жетегімен адасып кетуші еді.

Енді жаңа дәуір басталды. Сотқа шын еңбекшілер қамын ойлайтын, ақшаға, ажарға сатылмайтын, халықтың әдет-ғұрпына жетік, ақ жүрек адамдарды сайлау керек» – деп турасын жазады.

«Ұрлық қайтсе тиылады?» атты мақаласында ол өзінің қолынан өткен қылмыстарға талдау жасай келіп, «Ұзын сөздің қысқасы, ұрлықты тыю үшін, бірінші жұрттың шаруашылығын көтеріп, еңбекке баулу керек, екінші, сот қызметкерлерін тазартып, білімін молайтып, тұрмысын оңдап, халық көзінде олардың беделін көтеру керек. Осы екі жолға түспесек, құр аттан салғанмен ұрлық тиылмайды[6]», – деп ой тұжырымдайды.

Бұл қызметі туралы М. Дулатов: «Асыра айтқандық емес, қысқа мерзімде менің белсенді және адал қызмет етуімнің арқасында сот мекемелерінің беделі көтерілді, әсіресе қазақ бөлімінің жұмысы алға басты. Мен қазақ бөлімін басқардым. Бұл сол уақытта Семейде қызмет атқарған жолдастардың бәріне аян» [7].

Иә, қазіргі уақытта қалалы, ауылды жерлерде әр түрлі ірілі-уақты қылмыстардың тіркелуі, жастардың теріс жолға түсуі жайлы көп айтылып та, жазылып та жүргені белгілі. Бұл көрініс зиялы қауымның алаңдатушылығын туғызып отыр. Еліміздің өркениеттілігін көтеріп азаматтарды салауатты өмірге бейімдеп, тәртіпке мойынсынуларын көздесек, талап етсек жоғарыда айтқан М. Дулатовтың ойларын ескергеніміз абзал.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан . – 2006. – 2 наурыз.
- 2 Дулатов М. Ұрпаққа хат. /М. Дулатовтың 1929 жылы жазған хаты // Дала дидары. – 1991. – 2 мамыр
- 3 Дулатов М. Ашық хат // Қазақ. – 1917. – №248
- 4 Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері. – Алматы, 1995. – 202 б.

- 5 Дулатов М. «Сол қыздың атын ұмыттым» // Еңбекші қазақ, 1924. – №294
- 6 Дулатов М. «Ұрлық қалай тиылады» // «Ақ жол». 1924. – 13-ші қараша.
- 7 Дулатов М. Шығармалары. – Алматы, 1991. – 21 б.

References

- 1 Nazarbaev N.A. KR Presidentinin Kazakstan halkina joldaуy. // Egemen Kazakstan. – 2006. – 2 nauriz
- 2 Dulatov M. Urpakka hat. //M. Dulatovtin 1929 jili jazgan hati //Dala didari. – 1991. 2 mamir
- 3 Dulatov M. Ashyk hat // Kazak. – 1917. – №248
- 4 Muhamedhanov K. Abai muragerleri. – Almaty, 1995. – 202 b.
- 5 Dulatov M. «Sol kyzdin atin umyttym»// Enbekshy kazak, 1924. – №294.
- 6 Dulatov M. «Urlyk kalai tiylady» // «Ak zhol». 1924 13-shi karasha.
- 7 Dulatov M. Shygarmalari.- Almaty, 1997. – 27 b.